

ЖУМАБЕК АХМЕТҰЛЫ ТӘШЕНЕВ АТЫНДАҒЫ УНИВЕРСИТЕТИ

Бекітемін
Ж.А. Тәшенев атындағы
университеттің ректоры
К.С. Байболов
«30» 05 2024 ж.



САПА МЕНЕДЖМЕНТ ЖҮЙЕСІ

УНИВЕРСИТЕТ ЕРЕЖЕСІ

ОҚУ ТӨЛЕМАҚЫСЫНАН ЖЕҢІЛДІК БЕРУ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК ҚОЛДАУ ТУРАЛЫ

- Стратегиялық жоспарлау, мониторинг және сапаны басқару бөлімімен әзірленді және енгізілді
- Әзірлеген – Әлеуметтік және тәрбие істері жөніндегі проректор
Ф.Ш. Битұрсын
- Келісілді – Оқу-әдістемелік жұмыс жөніндегі проректор
П.Т. Байнеева
- Ж.А. Тәшенев атындағы университеттің Гылыми кеңесі
«29» 05 2024ж. №13 мәжілісінде талқыланып мақұлданды.
- Енгізілді « » 2024ж.
- Тексерілу мерзімі « » 2027ж.

Қызмет бабында пайдаланатын басылым

Шымкент – 2024

ОҚУ ТӨЛЕМАҚЫСЫНАН ЖЕҢІЛДІК БЕРУ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК ҚОЛДАУ ТУРАЛЫ

1.1."Білім туралы" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 Заны 4-бабының 25-1) тармақшасына сәйкес, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 12 наурыздағы № 320 қаулысымен бекітілген «Әлеуметтік көмек көрсетілетін азаматтарға әлеуметтік көмек беру қағидалары» басшылықта алынды.

1.2. Университетте білім алу кезеңінде оку төлемақысынан женілдік беру, мынадай растаушы құжаттардың бірімен қоса, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығының қалған, кәмелетке толған балалардың, ата-аналарының немесе өзге де занды өкілдерінің еркін нысандағы жазбаша өтінішімен жүзеге асырылады.

1.3. Университет келесідей жағдайларды ескереді:

1) Тұл жетім балалар мен ата-аналарының қамқорлығының қалған және азаматтардың қамқорлығындағы (корғаншылығындағы) балалар қатарындағы жоғары білім беру бағдарламаларында білім алатын студенттерге 70% мөлшерде;

2) Бірінші топтағы көрү қабілеті жағынан мүгедектігі бар адамдарға және есту қабілеті жағынан мүгедектігі бар адамдарға жоғары және жоғары оку орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларында білім алатын студенттерге 20% мөлшерде;

3) Спорт шебері үшін 50% мөлшерде;

4) Балалары 18 жасқа толмаған көп балалы жануядан шыққан, анасы "Күміс алқа және Алтын алқа иелері" болып танылатын білім алушыға 20% мөлшерде;

1.4. Университетінде (комиссия құрылыш, ғылыми кеңеске ұсынылады) қажетті құжаттармен бірге өтініш түсken күннен бастап күнтізбелік 10 күн ішінде оларды қарайды және әлеуметтік көмек көрсету немесе одан бас тарту туралы шешім қабылдайды. Ата-аналар немесе өзге де занды өкілдер құжаттардың толық емес топтамасын және (немесе) қолданылу мерзімі өтіп кеткен құжаттарды ұсынған жағдайда, Ж.А. Тәшенев атындағы университеті өтінішті қабылдаудан бас тартады.

1.5. Өтініш берушінің Ж.А. Тәшенев атындағы университетінің оку төлемақысынан женілдік беру зансыз тағайындауға алып келетін жалған мәліметтер ұсынуы және әлеуметтік көмек алуға әсер ететін жағдаяттар туралы уақтылы хабарламауы азаматтарға әлеуметтік көмекті көрсетуден бас тарту болып табылады. Бас тартылған жағдайда жазбаша түрде әлеуметтік көмек ұсынудан бас тарту себептері туралы дәлелді жауап беріледі.

1.6. Университетте оку төлемақысынан женілдік беруді тағайындау үшін Әлеуметтік және тәрбие ісі жөніндегі проректорға үміткерлерді факультет декандары ұсынады.

1.7. Үміткер «Әлеуметтік және тәрбие ісі жөніндегі проректорына» келесі құжаттарды өткізеді:

1) ректор атына жазылған өтініші;

2) транскрипт;

3) жеке куәлігінің көшірмесі;

4) көп балалы отбасылардан шықкан балалар үшін Күміс алқа және

Алтын алқа куәлік көшірмесі және туу туралы куәліктің көшірмесі;

5) жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығының қалған, отбасыларда тәрбиеленетін балалар үшін – қорғанышлықты (қамкоршылықты) бекіту туралы анықтаманың көшірмесі;

6) мүгедектігі бар адамдарға және бала кезінен мүгедектігі бар адамдарға, мүгедектігі бар балаларға – мүгедектігі туралы анықтама немесе даму мүмкіндіктері шектеулі балалар үшін – психологиялық-медициналық-педагогикалық консультация қорытындысының көшірмесі;

7) атаулы әлеуметтік көмек алуға құқығы бар отбасылардан шықкан балалар үшін – өтініш берушінің (отбасының) жергілікті аткаруышы органдар ұсынатын мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмекті алушыларға жататынын раставтын анықтама;

8) жан басына шаққандағы орташа табысы кедейлік шегінен аспайтын, мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алмайтын отбасылардан шықкан балалар үшін – алынған табыстар туралы мәліметтер (жұмыс істейтін ата-аналарының немесе оларды алмастыратын адамдардың жалақысы, кәсіпкерлік қызметтен және басқа қызмет түрлерінен түсетін табыстар, балаларға және басқа да асырауындағыларға арналған алимент түріндегі табыс);

9) Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алмайтын отбасының жан басына шаққандағы орташа табысы табыстар сомасын жыл басынан бастап әлеуметтік көмек көрсетуге қаражат тағайындау үшін өтініш берген сәтке дейінгі барлық айларға (өтініш берген айды қоса алғанда) және отбасы мүшелерінің санына бөлу жолымен айқындалады. Жан басына шаққандағы орташа табысты есептеу кезінде отбасының құрамында ата-аналары (өзге занды өкілдері) және олардың асырауындағы 18 жасқа (23 жасқа толған студент екенін раставшы анықтама негізінде) толмаган балалар ескеріледі.

10) Үміткерлердің құжаттарының дұрыстығына және көрсетілген мерзімде тапсырылуына факультет декандары (жоғары оку орнынан кейінгі білім беру бөлімі басшысы) жауапты.

1.8. Университеттің Әлеуметтік және тәрбие ісі жөніндегі проректоры Фылыми кеңеске үміткерлердің толық құжаттар пакеттері мен тізімін ұсынады.

1.9. Фылыми кеңестің шешімі негізінде женілдік беру университет басшысының бүйрекімен жүзеге асырылады.

1.10. Ж.А. Тәшенев атындағы университеттінің оку төлемақысынан женілдік беру бір оку жылы кезеңіне тағайындалады.

1.11. Ж.А. Тәшенев атындағы университеттінде отбасының каржылық жағдайына байланысты студенттерге арналған стипендия бір академиялық кезеңге тағайындалады.

1.12. Университеттің Ғылыми кеңесінің шешіміне сәйкес бір тұлғаға бірнеше рет берілуі мүмкін.